

**“Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ**

**Тәлімгердің жас маманмен I тоқсанда атқарған жұмыстары туралы есебі**

**Жас маман: Мамешова Жұмагүл Бақытжанқызы**

**Тәлімгер: Дюсенова Фарида Хамидулиновна**

Жас маман Мамешова Жұмагүл Бақытжанқызының тәлімгері бола отырып, негізгі мақсаттары мен міндеттерін анықтадым.

**Мақсаты :**

Жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру

**Міндеттері :**

- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
- жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
- жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.

**Жұмыстың негізгі бағыттары:**

- жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс;
- мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
- сабақты ұйымдастыруға көмек;

**Маған бекітілген жас маман :**

1. **Мамешова Жұмагүл Бақытжанқызы** - математика пәнінің мұғалімі.  
2024 – 2025 оқу жылында жас маман **Мамешова Жұмагүл Бақытжанқызының** тәлімгері болып тағайындалдым. Ең алдымен жас маманды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырып өттім. Оқу жылының басында әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және пәндер бойынша оқу бағдарламасымен таныстырып және түсіндіріп өттім.

Сағат жүктемесін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құрастырып жазуға үйреттім. Сондай –ақ, күнделікті сабақ жоспарларына SMART мақсат аспектілерін қарастыра, жас ұстазға күнтізбелік сабақ жоспарларының құрылымын әзірлеуге үйретіп ақыл-кеңесімді беріп отырдым.

KUNDELİK.KZ талаптарымен таныстырып, дұрыс толтыру бойынша ережелерімен таныстырдым. Күнделікті сабақтарға қажетті әдістемелік материалдарды, ресурстарды, тиісті құрал-жабдықтарды таңдауға көмек көрсеттім. БЖБ мен ТЖБ жұмыстарына талдауды қалай жасау керектігін айтып түсіндірдім.

Факультативтік курс пен таңдамалы сабақ бағдарламаларының жоспары жайлы түсіндіріп, оларды құрастыру жолдарын қарастырдық. Жас маманға өз білімін одан әрі жетілдіру үшін педагогикалық ғылыми- әдістемелік әдебиеттерге, республикалық кәсіби басылымдарға жазылуға және таңдауға ұсыныс жасадым. Сонымен қатар өз білімін жетілдіру жоспарын құрастыруға бағыт бердім.

Жас маманның жұмысын бақылауда оның сабақтарына қатыстым, сабақты өткізген соң толық талдау жасап отырдым.

Жас маманға оқу – тәрбие үрдісінде қиындық келтіретін мәселелер бойынша көмек көрсетілді. Алдымен сыныппен және ата-аналармен жұмыс жүргізу туралы кеңестер берілді. Сапалы білім мен тәрбие болу үшін мектеп және ата-ана тығыз байланыста болуы қажет екендігі ескертілді.

Дәптерлерді жүргізу талаптарымен таныстырып, дәптерлерді ұстау сапасы жөнінде кеңес бердім.

Оқу үрдісінде керек материалдарды арнайы папкаға жинақтауды кеңес бердім. Жас мамандардың шығармашылық портфолиосын жинақтауға бағыт бердім. Оқушыларды бақылау күнделігін жүргізуді бастап, оны іске асыруды қажет еттім.

Жас маманға мектеп басшылары жасаған ескерту мен қателіктерді дер кезінде түзетуге көмек жасап, қайта тексеруден өткіздім.

Алдағы уақытта жас маманмен жоспарланған жылдық жұмыс жоспары бойынша әрі қарай жүргізіледі.

Жалпы қорыта келгенде, жас маманның педагогикалық жұмысқа бейімі бар, сыныппен жұмыс істей алады.

*Досқы*